

Теректі негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы үйірме жұмысының жылдық талдауы.

2022-2023 оқу жылы Қыркүйек айында Тоғызқұмалақ үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, бекітілді. «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің оқушылары қауіпсіздік ережесімен, ойын ережелерімен танысты. Тоғызқұмалақ үйірмесіне 20 оқушы қабылданды. Мақсаты: Оқушыларды шапшаңдыққа, төзімділікке, жылдам шешім қабылдауға, икемділікке үйрету.

Қыркүйек айында оқушыларға ең алдымен тоғызқұмалақ ойынының тарихы туралы, ойынның қағидасы мен заңдылықтары түсіндірілді. Тоғызқұмалақтың тарихын, тақтасын және жүрісін толықтай меңгерді. Оқушылар ойын барысында өздерінің ізденімпаздылығын, алғырлығын, ойлау – қабілеттерін қызығушылықтарын танытты.

Қазан айында құмалақты жүргізу немесе оны тарату, жай және табысты жүрістер және тұздық алуды үйренді. Ойынды жазып ойнауды жүрістерді есептеуді жақсы меңгерді.

Қараша айында жүріс жазу ерекшеліктерін, тоғызқұмалақ бойынша ойын ережесі арқылы өзара ойын ойнады. Желтоқсан айында осал отауларға шабул жасау және осал отауларды қорғау әдістерін үйренді. Өткен сабақтарды қайталап шықты. Білімдерін бекітіру мақсатында мектеп оқушылары арасында тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылды. I орын, II орын алған оқушылар ауданда өткен оқушылар арасындағы тоғызқұмалақ турниріне қатынасты.

Қаңтар айында оқушылар ойынның ортасы және ойынның соңы, тұздық алу сияқты әдістерді тереңінен ұғына бастады. Ақпан, наурыз, сәуір айларында өткен сабақтарын қайталап тереңдетіп түсіндірілді. Мамыр айында үйірменің жылдық жоспары қорытындыланып, алға қойған мақсаттарына жетті.

Жыл бойына жоспарланған іс шаралар уақытылы ұйымдастырылып, оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын одан әрі оята білді. Оқушыларға ойша есептеуге, логикалық қабілетін арттыруға және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етті. Оқушылар әр шараға қызығушылықпен белсене қатынасып отырды.

Үйірме жетекшісі: А.А. Мақсот